

**2010 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын мерекелеуге байланысты Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне материалдық көмек көрсету туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 19 сәуірдегі N 6749 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 29 сәуірде № 5-1-140 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Өскемен қаласы әкімінің аппаратының 2011 жылғы 06 қаңтардағы № Ин-6/5 хатымен

**Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Өскемен қаласы әкімінің аппаратының 2011.01.06 № Ин-6/5 хатымен.**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 17, 20-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын мерекелеуге байланысты, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - бөлім 2010 жылы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне (бұдан әрі – соғыс қатысушылары) жылына тек бір рет үйге жеткізумен «Қазпошта» акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы материалдық көмек төлеуді:

1) тұрғын үйге жөндеу жүргізу үшін қала аумағында балалары жоқ немесе мүгедек балалары немесе зейнеткерлік жастағы балалары бар жалғыз тұратын немесе жұбайларымен тұратын соғыс қатысушыларына 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде ;

2) тіс протездеу үшін шығындарды өтеу үшін 26000 (жиырма алты мың) теңгеден артапайтын сомасында ;

3) жеке салынған үйлерде тұратын және тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын соғыс қатысушыларына отын сатып алу үшін 10000 (он мың) теңге мөлшерінде ;

4) Астана және Мәскеу қалаларындағы мерекелік іс-шараларға қатысу үшін делегация қатысушыларын бірыңғай киім үлгісімен қамтамасыз ету үшін 60000 (

алпыс мың) теңге мөлшерінде жүргізісін.

2. Материалдық көмек алу үшін бөлімге материалдық көмек төлемінің түріне сәйкес құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) жазбаша өтініш;
- 2) жеке бас куәлігі;
- 3) соғыс қатысушысының мәртебесін растайтын құжат;
- 4) азаматтарды тіркеу кітапшасы;
- 5) тұрғын үйге меншік құқығын растайтын құжат;
- 6) тіс протездеуді жүргізуге төлем туралы түбіртектер;
- 7) салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Қ. Нұрғазиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Өскемен қаласының әкімі*

*И. Әбішев*